

БЕКІТЕМІН

**Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ
ғылыми жұмыстар және
цифрландыру жөніндегі
басқарма мүшесі-проректор**

Н.Ф. Денисова

« _____ » _____ **2023 ж.**

КОНКУРС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ **Green Campus жобасына арналған логотип**

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1 Осы Ереже Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде (бұдан әрі - Университет) «Green Campus жобасына арналған Логотип» конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2 Байқау университетте «Ғылым апталығын» өткізу аясында ұйымдастырылады.

2 БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Конкурс жастардың күнделікті өмірдегі энергия және ресурс үнемдеу проблемасы туралы хабардарлығын арттыру, экологиялық ойлау мен мінез - құлықты қалыптастыру, сондай-ақ кәсіптік бағдар беру мақсатында өткізіледі;

Байқаудың негізгі міндеттері:

- жастардың «жасыл» күн тәртібі туралы хабардарлығын арттыру;
- волонтерлік қызметті дамыту;
- жастарды қоғамдық және шығармашылық қызмет саласында көтермелеу;
- мектеп және колледж оқушыларына мамандық таңдауға көмектесу.

3 КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

Байқау тапсырмасы:

Green Campus университеттік жобасының логотипін ұсыну. Бұл жобаның мақсаты тұрақты даму қағидаттарын пайдалана отырып, университет қызметінің барлық аспектілерінде экологиялық саясатты әзірлеу және іске асыру болып табылады.

Жобамен толығырақ мына сілтеме бойынша танысуға болады:
<https://www.ektu.kz/GreenCampus.aspx>

Жұмысқа қойылатын талаптар:

1 жұмыс логотиптерге қойылатын негізгі талаптарға: ассоциативтілік, ықшамдылық (лаконичность), масштабталулық, бірегейлік (уникальность), функционалдылық сәйкес келуі керек.

2 жобаның логотипі жаңа ШҚТУ брендбукімен келісілуі тиіс (танысу үшін сілтеме: https://www.ektu.kz/files/logo/3/BRANDBOOK_EKTU.pdf);

3 логотиптің өзіндік ерекшелігі болуы керек (интернет желісінде аналогтары жоқ, плагиатқа тексеру жүргізіледі);

4 жұмыс PNG форматында орындалуы керек, ажыратымдылығы 300x300 пт.

5 конкурсқа жіберілетін файлға конкурсқа қатысушының аты-жөні бойынша атау беріледі.

6 конкурсқа қатысуға белгіленген мерзімнен кейін алынған, конкурстың тақырыбы мен талаптарына сәйкес келмейтін, сондай-ақ интернет желісінде плагиатқа тексеруден өтпеген жұмыстар жіберілмейді.

Конкурсты өткізу кезеңдері мен мерзімдері:

1 2023 жылдың 4 сәуіріне дейін ережені әзірлеу және конкурсты жариялау;

2 2023 жылдың 5 сәуірінде конкурс туралы хабарландыруды жариялау және тарату;

3 2023 жылдың 20 сәуірді қоса алғанда конкурстық жұмыстарды қабылдау;

4 2023 жылдың 21 сәуірінде конкурстық комиссияның жұмыстарды бағалауы;

5 нәтижелерді университет сайтында және әлеуметтік желілерде онлайн жариялау.

Конкурсқа қатысу шарттары:

Байқауға ЖОО студенттері мен магистранттары, оқушылар жеке қатыса алады.

Конкурс онлайн форматта бір рет өткізіледі тиісті қорытындыларды шығара отырып.

Әр қатысушыдан бірнеше жұмыс қабылданады.

Оқытушылар немесе мұғалімдер конкурсқа жіберілген жұмыстың жетекшілері бола алады.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім **Google-форма арқылы толтырылады**, формада **жұмыс тіркелініп, ілінеді**. Форманы бірнеше рет толтыруға болады. Форманы толтыру үшін **Google аккаунт** қажет.

Google - формаға сілтеме:

<https://docs.google.com/forms/d/1vPSRBuOL9HCLViqVcZr-3nO7Yxq6JjQfBPATMb4ptDs/edit>

4 КОНКУРСТЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Конкурсты дайындау және өткізу үшін конкурсты ұйымдастырушы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- конкурсты өткізу шарттары, сондай-ақ оның қорытындылары туралы хабарлайды;
- конкурстық материалдарға мониторинг жүргізеді;
- конкурстық комиссияның конкурстық материалдарын береді;
- қатысушыларға конкурс шарттарын түсіндіреді;
- конкурсты бағалау критерийлерін анықтайды;
- конкурс барысын бақылауды жүзеге асырады;
- конкурсты ұйымдастыруға және өткізуге байланысты өзге де функцияларды орындайды.

5 КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

Конкурс жеңімпаздарын анықтауды конкурстық комиссия жүзеге асырады. Конкурстық комиссия мүшелері өз қызметінде кәсіпқойлық, сапа, бейтараптық және әділдік қағидаттарын басшылыққа алады.

Әрбір жұмысты конкурстық комиссия мүшелері 10 баллдық шкала бойынша бағалайды. Әрі қарай, әр жұмыс үшін орташа баға анықталады. Нәтижелер талқыланады. Конкурстық комиссияның шешімі көпшілік дауыспен қабылданады.

Жұмыстарды бағалау кезінде конкурстық комиссияның мүшелері оның деңгейін мынадай өлшем шарттарға бағдарлана отырып бағалайды:

- жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкестігі;
- Green Campus жобасының идеясы мен мақсаттарына сәйкестігі;
- сюжеттік-бейнелі шешімнің өзіндік ерекшелігі;
- жұмыстың орындалу және ресімделу сапасы.

Конкурстық комиссияның шешімі 1-қосымшаға сәйкес хаттамамен ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қояды.

Конкурстық комиссияның құрамы:

Комиссия төрағасы:

Идришева Ж. К., қауымдастырылған профессор, т.ғ.к., Green campus жобасының жетекшісі;

Комиссия мүшелері мен хатшысы:

Денисов И.В. - экология және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы құзыреттер орталығының басшысы;

Қасимова К. К. - Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ ақпараттық саясат және медиакоммуникация орталығының басшысы;

Петрова О. А. - конкурстық комиссияның хатшысы, аға оқытушысы, т.ғ.к., экология және тіршілік қауіпсіздігі құзыреттер орталығының аға ғылыми қызметкері, Green Campus жобасы бойынша жауапты тұлға.

6 КОНКУРСТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ

1 Байқау жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

2 Байқау нәтижелері университеттің бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

КОНКУРС КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ «Green campus жобасының логотипі»

Конкурстық комиссия 4 адамнан тұратын «Green campus жобасына арналған логотип» конкурсы туралы ережемен бекітілген.

Комиссия отырысына 4 адам қатысты.

Комиссия төрағасы:

Идришева Ж. К., МЖПҚБМ қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к., Green Campus жобасының жетекшісі;

Комиссия мүшелері мен хатшысы:

Денисов И.В. - экология және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы құзыреттер орталығының басшысы;

Қасымова К. К. - Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ ақпараттық саясат және медиакоммуникация орталығының басшысы;

Петрова О. А. - конкурстық комиссияның хатшысы, аға оқытушысы, т.ғ.к., экология және тіршілік қауіпсіздігі құзыреттер орталығының аға ғылыми қызметкері, Green Campus жобасы бойынша жауапты тұлға.

Байқауға (...) жұмыс түсті, (...) басшылығымен орындалған авторлар (...) басшылар.

Плагиатқа тексеру нәтижелері бойынша конкурсқа (...) жұмыстар жіберілді.

Конкурстық жұмыстарды қарап, комиссия келесі ұпайларды қойды:

№	Автор аты-жөні	10 балдық шкала бойынша комиссияны бағалау				Орташа балл	Орын
		Идришева Ж.К.	Денисов И.В.	Қасымова К.К.	Петрова О.А.		
1							
2							
3							
4							
5							
6							
7							
8							
9							
10							

Жұмыстарды бағалау нәтижелері бойынша наградаға ұсынылады:

- 1) ... I дәрежелі дипломмен және бағалы сыйлықпен (...);
- 2) ... II дәрежелі дипломмен және бағалы сыйлықпен (...);
- 3) ... III дәрежелі дипломмен және бағалы сыйлықпен (...).

Жүлделі орын алмаған қатысушыларға, конкурсқа қатысқанын растайтын сертификаттар беріледі.

Комиссия төрағасы

Идришева Ж.К.

Комиссия мүшелері

Денисов И.В.
Касымова К.К.
Петрова О.А.

Комиссия хатшысы

Петрова О.А.